

ТІЛ БІЛІМІ

УДК 8.81

¹Абнасырова Р.Ж., ²Абнасырова Г.Ж.

¹Ф.ғ.к., СДУ ассистент профессоры, Сулейман Демирель атындағы университет, Қаскелен, Қазақстан

²Ш.Сымаханұлы ат. №62 лингвистикалық гимназия, Алматы, Қазақстан

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ПРЕЦЕДЕНТТІ ЕСІМДЕР

Аңдатпа: Қазіргі қазақ тіл білімінде халықтың лингво-когнитивті танымына сәйкес прецедентті мәтіндер, прецедентті жағдайлар, прецедентті онимдерді қарастыру өзекті тақырыптардың біріне айналуға.

Жазушының сөз саптау жүйесінің бір көрінісі болатын жалқы есімдерге шығарманың тақырыбын, мазмұнын, мағынасын ашуда біршама жүк артылады. Халықтың мәдениетінен, тарихынан, жүріп өткен дәуірінен мол хабар беретін жалқы есімдер – сол тілде сөйлеуші халықтың баға жетпес қазынасы, ұлттық байлығы. Осы қазынаның қыры мен сыры әдебиетте айқын көрінеді. Соның ішінде, балалар әдебиеті өскелең ұрпақты тәрбиелеуде сара жол сілтейтін тәрбие құралы болғандықтан, оның құрамына автор тарапынан енгізілген әрбір оним белгілі бір мақсатты көздеуі тиіс. Осы мақсатты жүзеге асыруда жалқы есімдердің қаншалықты дәрежеде қызмет жасайтындығы, олардың мәтіндегі функционалдық ерекшеліктері, жас оқырман жүрегіне жол таба білуі осы мақалада сөз болады.

Кілт сөздер: балалар әдебиеті, прецедентті есім, жалқы есім, прецедентті мәтін, прецедентті оним, лингво-когнитивті таным, когнитивті лингвистика.

Қазіргі қазақ тіл білімінде халықтың лингво-когнитивті танымына сәйкес прецедентті мәтіндер, прецедентті жағдайлар, прецедентті онимдерді қарастыру өзекті тақырыптардың біріне айналуға.

Прецедентті атаулар орыс тіл білімінде Д.Б.Гудков, И.В.Захаренко, Ю.Н.Караулов, В.Г.Костомаров, В.В.Красных, Н.Д.Бурвикова, Ю.Е.Прохоров, Ю.А.Сорокин сынды ғалымдардың еңбектерінде айтылады. Аталған ғалымдардың еңбектері прецедентті атаулардың тілдің ойлау қабілетіне ықпалын, күнделікті қолданыстағы қызметін кешенді зерттеуге бағытталған.

Қазақ тіл білімінде прецедентті есімдерді зерттеуге арналған кешенді еңбек болмағанымен, соған жақын пікірлер Т.Жанұзақов, Т.Қоңыров, Е. Керімбаев еңбектерінде сөз болады. Қазақ лингвистикасында прецедентті есімдер туралы пікірлер Г.Б.Мадиева, Г.Қ.

Ихсанғалиева, С.Қ. Иманбердиева, Г.А. Кажығалиева, В.И.Жумагулова, Г.Т.Аубакирова, Т.Е.Пшенина еңбектерінде кездеседі.

Сонымен қоса, Г.К. Ихсанғалиеваның газет және телебағдарламалардың тақырыптарын зерттеген ғылыми еңбегінде, Т.Е. Пшенинаның «Дискурсные описание языковой личности Катулла» деп аталатын ғылыми жұмысында, В.И. Жумагулованың орыстілді прессада сатира мен юморды қарастырған ғылыми еңбегінде, С.Қ. Иманбердиеваның «Қала ономастикасының кейбір мәселелері» атты кітабында прецедентті есімдерге сипаттама берілген.

Г.Б. Мадиева «Имя собственные в контексте познания» деп аталатын монографиясында прецедентті онимдерге былай ғылыми тұжырымдама береді: «Прецедентное имя – это любое ИС, связанное с конкретной ситуацией, широко известном текстом, отдельной исторической или известной личностью, обладающее рядом дифференциальных признаков, которые позволяют вызывать определенные ассоциации и использовать их в качестве сравнения» [1]. Ал С.Қ. Иманбердиева: «Жеке адамдардың тілдік құрамында прецедентті атаулар белгілі бір оқиғаны бағалау үшін стандартты құрал (белгі, символ) ролін атқара отырып, ерекше орын алады» дейді [2].

«Прецедентті атау дегеніміз халық үшін нақты құндылығы бар кеңінен танымал көркем шығармамен, тарихи есіммен, саяси тұлғамен, географиялық реалиймен, сонымен қатар тіл иелеріне кеңінен танымал қатынаста нақты оқиғаларға байланысты қолданылатын және қабылдаушы танитын жеке есімдер. Прецедентті атауларды сөйлеуші тілде қолданғанда қоғамдық ұлттық когнитивті кеңістігінде сақталған феномен туралы детерминант қалыптасады» [3].

Прецедентті оним мағынасының құрылысына түсінікті, образды және бағалы компоненттер кіреді. Көркем мәтінде прецедентті есім негізгі кейіпкер есімі болып немесе фонды, факультативті есім болып мәтіннің образды жүйесіне ену арқылы мәтінтүзуші орталық бола алады.

Т. Жанұзақовтың «Қазақ тіліндегі жалқы есімдер» дейтін кітабында көркем әдебиет кейіпкерлері есімдерінің жалпы есімдерге ауысатындығы сөз етілген. Ғалым: «Көркем әдебиет кейіпкерлерінің есімдері жалпы типтік, жиынтық образ жасауда үлкен роль атқарады. Көркем әдебиеттегі басты кейіпкерлер есімдерінің жалқы, төл есімдік мағыналарынан ауытқып, жалпы мағынаға ие болатындары да бар» деп пайымдайды [4,129]. Шығарма мәтініне автор қалауы бойынша таңдап алынған есімдер енгізген. Бойына өз иесі туралы мол ақпарат жинақтаған есімдер шығарма мәтініне ене отырып, «сөйлей» бастайды. Осы мақсатта кейіпкер есімдерінің арқалайтын жүгі мол. Көркем шығармада «сөйлемейтін есім жоқ» деген пікір қалыптасқан. «В художественном произведении нет неговорящих имен. Все имена говорят. Каждое имя,

названное в произведении, есть уже обозначение, играющее всеми красками, на которые только оно способно. Оно с максимальной быстротой и силой разбивает те оттенки, мимо которых мы проходим в жизни» [5,269]. Жазушы жақсы не жаман кейіпкердің бойына сол замандағы адамдардың барлық қасиеттерін жинақтауға тырысады. Мұндай атына заты сай есімдер бір шығарма ауқымында қалып қоймай, ел аузында, ауызекі сөйлесуде, әртүрлі мәтіндерде өмір сүре бастайды. Мысалы, көркем әдебиеттен жақсы таныс *Қарабай*, *Қодар*, *Шығайбай*, *Мырқымбай*, *Итбай*, *Судырахмет* т.б. сынды есімдердің өн бойында мол ақпарат жатыр. *Қарабай* сараң, дүниеқоңыз, *Мырқымбай* заман ағымына ере алмаған надан, аңқау, *Қодар* ұрдажық, жауыз, *Шығайбай* шық бермес сараң, *Итбай* ит мінезді, қара ниетті, *Судырахмет* өтірікші, жалқау мағыналарында жұмсалады. Халық арасында адамның келеңсіз қылықтарын немесе адами қасиеттерін аталған не басқа шығарма кейіпкерлеріне теңеу бар. Көркем мәтін сол тілде сөйлеуші халықтың мінез-құлқын нақты сипаттап отырады. Әдеби шығармада халықтың салт-санасы, өмірлік тәжірибесі, ұлттық бейнесі суреттеледі. Көркем мәтін арқылы «зерттелетін тілдің рухани атмосферасы» танылады. Халық арасында аңқауды *Қожанасыр*, қу адамды *Алдар көсе* деп атау бар. Лиро эпостық жырлар арқылы жақсы таныс *Қозы мен Баян*, *Қыз Жібек пен Төлеген* бір-біріне ынтық болған ғашық жандардың есімдері ғана емес, олардың түп-төркінінде ұлы сезімнің нышаны сынды үлкен мағына жатыр. Осы секілді астарында үлкен мағына жинақтаған көркем әдебиет кейіпкерлері өте көп. Олар жалпы халыққа кеңінен танымал жиынтық атау болып табылады. Мұндай типтік бейнелер қоғамда жиі кездесетін қасиеттерден жинақталғандықтан олар ешбір дәлелдеуді қажет етпейді.

Балалар көркем әдебиетіндегі жалқы есімдердің құрамына әлемдік және ұлттық мәдениетте белгілі ғылым мен өнер, қоғам қайраткерлері, әдеби туындылар қаһармандарының есімдері қатыстырылады. Мұндай есімдер прецедентті есімдер деген атауға ие болды. Прецедентті атауларға тарихи оқиғалар, географиялық атаулар, жануарлардың лақап атаулары жатады.

Автордың қалауымен шығармаға енгізілген мәдени қайраткерлер, танымал адамдар, шығарма кейіпкерлері әдеби антропоним деп аталады. Мұндай есімдерді жазушы дайын күйінде қолданады. Әрине, автор прецедентті атаулар мен есімдерді пайдаланғанда баланың таным-түсінігін, деңгейін ескеруі қажет. Орынсыз пайдаланылған прецедентті есімдер шығарманың мазмұнын қиындатады.

Шығармада әр жазушының танымал атаулар мен есімдерді қолдануы әртүрлі. Автор көпшілікке, балалар арасында жақсы танымал есімдерді ешбір түсініктемесіз пайдалануы мүмкін. Әсіресе, фольклорлық шығарма кейіпкерлері балаларға жақсы таныс. Сондықтан ондай

персонаждардың даралық қасиеттерін, астарындағы мазмұнын түсіну балалар тарапынан еш қиындық тудырмайды. Мұндай есімдерді жазушы еш түсініктемесіз береді. Мысалы, *Сен байқа, Қозы Көрпеш!* [6,54]. Қозы Көрпеш ғашық жігіт мағынасында кекесін, ирония арқылы айтылып тұр. «Ж... Қозы мен Баян секілді болайық». «*Быттыр осында Сүйімхан мен Тұрғынбайды «Қыз Жібек пен Төлеген» деп келемеждеп, ит терісін бастарына қаптағандары бар*» [7,199]. «*Аңсап көріскен Қозы мен Баяндай бір-бірімізге құшақ жая ұмтыламыз*» [8,32]. Қазақ халқының танымында Қозы мен Баян, Жібек пен Төлеген – таза, мөлдір махаббаттың символы. Зерттеуші С.Жапақов ғылыми еңбегінде Қозы Көрпеш Баяндай тұрақты тіркесінде «өте тату-тәтті» деген бағалауыштық сипат бар деп көрсетеді. Бұл есімдерді «ұнату, ғашық болу, жақсы көру, махаббат» ұғымымен байланыстыруға болады. «*Қыз Жібектей келіншек алсақ қой, шіркін!*» [Бала Шоқан]. «*Осы қызды жаман сайтан түртіп жүр... Қыз Жібекше кергиді*» [Бала Шоқан]. «*Әйеш айна алдында Қыз Жібектей керіліп тұр*» [Бала Шоқан]. Қыз Жібек есімінің астарында ақылды, ажарлы, көркем, сұлу, инабатты, кербез ұғымдары бар. Қыз Жібек есімі жалпы сұлулардың бар қасиетін бойына жинақтаған. Күлкілі оқиғаларымен жақсы таныс Қожанасыр есімі әпенде, алаңғасар, аңғал, ақымақ сынды қасиеттермен байланыстырылады. «*Қожанасыр болмаса, жаз ортасында есі дұрыс адам шарбақ тоқушы ма еді. Қожекеннің өзі де байқап-байқап тоқыр*». «*Әй, Исабек! Сен түлкісің, Тазша баласың!*» [9,69]. «*Манас жыры секілді әлденеше күн бойы айтып түгесе алмаспын*». «*Мың бір түн» сияқты пәленбай кеіттік хикая*» [10,179]. Тазша бала өтірікші, алдамшы, қу, «Манас жыры», «Мың бір түн» өте ұзақ, таусылмас деген мағынада жұмсалып тұр. Бұл сөздер теңеу мағынасында қолданылған.

Балалардың когнитивті базасында танымал есімдер де ешбір түсініктемені қажет етпейді. Мысалы, «*Футболдан ауылдың Тимур Сегізбаевы*» [11,46]. «*Біріміз Сегізбаев, біріміз Ордабаев боп доп қуамыз*». Сегізбаев, Ордабаев – Қазақстанға белгілі «Қайрат» командасының футболшылары. Бұл фамилиялардың астарында «атақты футболшы, былғары доптың шебері, спортшы» деген мағына бар.

Бір территорияда немесе көршілес мемлекеттердің өзара тығыз қарым-қатынасының арқасында екі халыққа (қазақ, орыс) бірдей түсінікті, ортақ прецедентті есімдер өте көп. Мұндай фреквенталды атаулар «ұлттық мәдениеттердің ұзақ уақыт бір-біріне ықпалынан, тілдік жағдай, бір территорияда әртүрлі халықтардың өмір сүруінің» әсері болып табылады

[1]. Мысалы, «*Бәріміз де жақсылық материгін қайда-қайдалап шарқ ұрған кішкене Колумбтармыз*» дейсіз бе? Мүмкін... мен әжемді іздеген кішкене Колумбпын [8,20]. *Ей, Макаренко, сен ондай ақылыңды мына*

боқмұрындарыңа айт, ұқтың ба?! – деп гүрілдеді [10,70]. «Тимуршылар үш күн жабылсақ, төрт-бес көлік пішен қораға түседі». «Бұл жерден оны Серік түгілі (іздеуші Серік болатын), кинодағы әйгілі Штирлицтің өзі таба қоюы екіталай» [11,39]. Колумб есімі жағрафиядан балалардың бәріне жақсы таныс. Оқырман баланың танымында Колумб есімі оның Америкаға саяхатымен байланыстырылады. Колумб іздеуші, Макаренко білгіш, Тимуршылар көмекшілер, Штирлиц тыңшы, барлаушы, ізкесуші деген мағынада қолданылған. Аталған есімдерге авторлар тарапынан ешбір түсініктеме берілмеген.

Автор өзі берген есім таныс емес деп шешкен жағдайда, ол туралы қосымша мәлімет келтіріп отырады. Мәліметтер бір сөзден, сөз тіркесінен бірнеше сөйлемге дейін ұласуы мүмкін. Мысалы, «Батыр пионер Павлик Морозовқа орнатылған ескерткіштей қақиып тұрды да қалды» [12,123]. «Көк костюм, көкшіл галстук... Шашы аумаған Пьер Безухов! «Соғыс және бейбітшілік» фильміндегі Пьер ағай!» [12,53]. «Шіркін, «Павликтей пионер болсам!» - деген арман жетеледі» [7,142]. Берілген мысалдарда прецедентті есімдерге жартылай түсініктеме берілсе, «Екінші Ползунов мұнан шықты. Ол паровозды ойлап шығарса, сен машинаның тілін білмей-ақ паровоз жүргізуді таппақ екенсің ғой, - деп сөзшең бала вагонды басына көтере күлді» [7,135] деп келетін сөйлемде толық түсініктеме жазылған. Жазушы Ползунов фамилиялы адамның паровозды ойлап тапқандығынан мағлұмат бере отырып, баланың өнертапқыштық қасиетін Ползунов есімімен теңестіріп отыр.

Бір тілдегі прецедентті есімдер келесі бір тілде прецедентті болмауы да мүмкін. «Ура, мен Наоми Уемура боламын» [13,11]. Шығарма барысында Наоми Уемураның жапон саяхатшысы екендігі, «Солтүстікпен жекпе-жек» кітабының авторы солтүстік полюске ит жеккен шанамен саяхатқа барғандығы туралы түсініктеме беріледі. Баланың Наоми Уемура боламын деуі – баланың Наоми Уемура секілді ержүрек саяхатшы боламын дегені. Аталған кітапты оқыған кейіпкер бала танымында Наоми Уемура есімі ержүрек саяхатшы деген мағынамен астарласып жатыр. Автор ержүрек саяхатшы жайында ешбір хабар бермесе, оқырман үшін Наоми Уемура есімі ешқандай мағлұмат бермеуі мүмкін. Сондықтан қаншалықты белгілі, танымал дегеннің өзінде жазушылар міндетті түрде өз оқырманын танымал есімдермен толық таныстырып отыруы керек. Бала санасында прецедентті есімдер аясында қандай да бір ассоциация қалыптасуы үшін ол туралы энциклопедиялық білімі болуы шарт. Мәселен, М. Қабанбайдың «Жиһанкез Тити» әңгімесінде Тити есімді бала балабақшаға барады. Оның жасы әлі кішкентай. Айналасын енді танып-біліп келе жатқан бала үшін Колумб, Пржевальский, Уәлиханов есімдері ешқандай мәлімет бермейді. Балаға мұндай белгілі есімдер мүлдем таныс емес. Баланың танымал есімдерді

естігенде, суреттерін көргендегі ойы шығармада былай беріледі: «Колумб, Пржевальский төменгі қабатта тұратын Михаил, Саиа ағайларға ұқсайды екен де, ал Шоқан Уәлиханов өзінің напасына аз-мұз келе ме деп қалды». Бала психологиясын зерттеуші А. Мельникова бала дамудың алғашқы сатысында өмірді тек айналадағы заттар арқылы танып, содан кейін қоршаған ортадағы адамдармен қарым-қатынас жасаудың нәтижесінде сол заттарға баға беруді үйренеді деген А.Р. Лурияның тұжырымын қолдай отырып, баланың қоршаған ортада өзін еркін сезінуі айналадан алған әсерін, іс-әрекетін еркін пайдалануға мүмкіндік беретіндігін айтады. Тити бала үшін Колумб, Пржевальский, Шоқан Уәлиханов тек адамдардың аты мен фамилиялары ғана. Бала түсінігінде одан басқа ешқандай ақпарат жоқ. Бала естіген иақпаратты өзі жинақтаған білімге немесе күнделікті көріп жүрген заттарына теңестіреді. Саяхатшылардың сыртқы түр-түсіне қарап, бала оларды өзі күнде көріп жүрген көрші ағайларына, өз әкесіне ұқсатты. Одан басқа бала танымында саяхатшылар туралы ешқандай мағлұмат жоқ. Осы тұрғыда С. Иманбердиева: «...бұл тек қана адамдардың біліміне байланысты, егер адам прецедентті атауға берілген оқиғадан немесе т.б. хабардар болмаса, онда ол адамға прецедентті атау ешқандай ықпал жасамайды. Бұл жағдайда мұндай атаулар тек қана атау (номинациялық), жекелеу қызметін атқарады» [2].

Автор берілген прецедентті есімдерді қандай уәжбен. Не мақсатпен берді? Міне, алдымен осы мәселені қарастыру керек. Әрине, берілген мысалдарда авторлар кез келген оқырман баланың дүниетанымында қалыптасқан, санасында тұрақтаған есімді пайдаланған. Шығарма балаларға арналған болғандықтан берілген хабардың дұрыс түсінілуі үшін жазушы бала психологиясын жете білуі керек. Сондай-ақ жазушы қолданылған прецедентті есімдердің оқырман балаға таныс екендігіне, оның астарында қандай мазмұн жасырынғандығын түсінетіндігіне сенімді болуы керек. Яғни, автор прецедентті есімдерді қолданғанда баланың когнитивтік базасын ескере отырып пайдалануы қажет. Олай болмаған жағдайда, автор ойы жүзеге аспауы, мақсатына жетпеуі мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Мадиева Г.Б. Имя собственное в контексте познания. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 190 с.
- 2 С.Иманбердиева. Қала ономастикасының кейбір мәселелері. Алматы: Арқас, 2004. – 131 б.
- 3 Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. Ономастика: зерттеу мәселелері. Алматы, 2005.-240 б.

- 4 Жанұзақов Т. Қазақ тіліндегі жалқы есімдер. –Алматы: ХОЗУ СМ КазССР, 1965.
- 5 Фоякова О.И. Имя собственное в художественном тексте. –Л.: ЛГУ, 1990. -104 с.
- 6 Тұрманжанов Ө. Адам адамға дос. Алматы: Жазушы, 1968. 215 б.
- 7 Сарғасқаев С. Тәмпіш қара. Алматы: Жазушы, 2003. 224 б.
- 8 Соқпақбаев Б. Менің атым Қожа. Балалық шаққа саяхат. Алматы: Балауса, 2006. – 341 б.
- 9 Ғұмар М. Ортаншы ұл. Алматы, 2003238 б. Бастау. Жүлде алған шығармалар. Редакторы Омаров Қ. Алматы: Балауса, 1993. 270 б.
- 10 Ғұмаров М. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1974. - 180 б.
- 11 Оспанов С. Ағаш ат. Алматы: Жазушы, 2003. 238 б.
- 12 Қабанбай М. Бақбақ басы толған күн. Алматы: Жазушы, 2003. 238 б.
- 13 Қаназов М. Чика - Дабылдың баласы. Алматы: Жазушы, 2003. 238 б.

¹Абнасырова Р.Ж., ²Абнасырова Г.Ж.

¹К.ф.н, ассистент профессора СДУ, Университет имени Сулеймана Демиреля, Каскелен Казахстан

²№62 лингв.гимназия им.Ш.Смаханулы, Алматы, Қазақстан

ПРЕЦЕДЕНТНЫЕ ИМЕНА В ДЕТСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

Аннотация: В настоящее время исследования прецедентных феноменов становятся все более актуальными как источник духовного развития детей. В данной статье рассматриваются и анализируются прецедентные феномены (тексты, высказывания, ситуации, имена), широко представленные в текстах произведений детской литературы. Показано своеобразие прецедентных феноменов отечественной детской литературы, их влияние на развитие когнитивной сферы у детей, на воспитание у них ценностного отношения к отечественной литературе, также рассматривается актуальная проблема восприятия и понимания прецедентных феноменов современными читателями.

Общеизвестно, что народная культура, история, творчество, искусство и т.д. содержат богатую информацию о становлении и развитии народа и составляют ее национальное богатство.

Ключевые слова: прецедентные имена, высказывания, детская литература, имена, лингво-когнитивное мышление, прецедентные онимы, прецедентный текст, язык и мышление, когнитивная база.

¹Abnassyrova R.Zh., ²Abnassyrova G.Zh.

¹*Cand.of phil.sc., assist.prof., Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan*

²*№62 lingv.gimnaziya im.Sh.Smahanuly, Almaty, Kazakhstan*

PRECEDENT NAMES IN CHILDREN'S LITERATURE

Abstract: In the cultural consciousness of the twentieth century, there is a steady view of the intrinsic value of children's culture and an integral part of it—children's literature. Literature for Children held a peculiar way of development, correlated with the general literary process. Creating targeted towards works of art, focused on children's perception, it requires the selection of specific forms, tools and techniques that lead to a successful relationship express the meaning and implication. One such tool is Onomastic vocabulary—an important part of the vocabulary of the artistic work.

The article covers precedent phenomena (texts, utterances, situations, names) widely quoted in the texts of children's literature of the 20th century. The focus is on the peculiarities of the precedent phenomena typical of children's literature of the Soviet period. The problem of perception and understanding of precedent phenomena by the contemporary reader is studied in the article.

Key words: Precedent names, children's literature, statements, onim precedent, precedent texts, language and thought, cognitive base.

УДК 81.2

Auyelbekova Sh.

PhD assist.prof., Suleyman Demirel Üniversitesi, Kaskelen, Kazakhstan

KAZAKLARA VE DİĞER TOPLULUKLARA KİRİL ALFABESİNİN KULLANDIRILMASINA DAİR N.İ.İLMİNSKİ'NİN DÜŞÜNCELERİ

Özet: Makalemizde misyoner N.İ. İlminski'nin Kazakları Ruslaştırma yolundaki çalışmalarından bahsedilecektir. N.İ. İlminski, Rus olmayan halklar için misyonerlik amaçlı bir eğitim sistemi geliştirmiş. Sistemin özelliği halka yönelik olmasıydı. Yani eğitim her bir millete kendi dilinde verilecek ve bu özelliğiyle bölgelerde açılmış olan Rus okullarının medreselere nazaran beğeni kazanılacağı savunuluyordu. N.İ. İlminski'nin asıl gayesi, Orta Asya'daki Türkçe konuşan halkları küçük milletlere parçalayarak, onlara akraba olduklarını unutturmak, böylece İslamiyeti zayıflatmak ve akrabalarından ayrılan her bir küçük milleti Ruslaştırarak onlara Hıristiyanlığı kabul ettirmektir. İlminskiy ve diğer misyonerin bu konu üzerindeki çalışmalarını vermeye çalıştık.